САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі
Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы
Туберкулез проблемалары ұлттық орталығы

# ҚАЗАҚСТАН –
# ТУБЕРКУЛЕЗДЕН АЗАТ ЕЛ!

Туберкулез – туберкулезбен ауыратын науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде ауа тамшылары арқылы жұғатын инфекциялық ауру.

**Туберкулездің мынандай белгілерін білу маңызды:**

- ☐ **жөтелдің 2 аптадан асуы**
- ☐ **салмақ пен тәбеттің төмендеуі**
- ☐ **тершеңдік**
- ☐ **кеуденің ауруы**
- ☐ **дене температурасының көтерілуінің ұзаққа созылуы**
- ☐ **әлсіздік, тез шаршау**
- ☐ **қан аралас қақырықтың бөлінуі**

Жөтел 2 аптадан асса және қосымша бір-екі белгілері болса, кез келген медицина мекемесінен жедел тексеруден өту қажет.
Халықаралық стандарттарға негізделген туберкулезді диагностикалау және оны емдеудің жаңа **жедел әдістері әр азаматқа тегін!**

- **Егер сіз оқу мекемесінде оқысаңыз,** жыл сайын туберкулезге флюорографиялық тексеруден өтіңіз.

- **Егер дүниеге бала әкелсеңіз,** перзентханадан шыққанан кейін бір ай ішінде міндетті түрде флюорографиялық тексеруден өтіңіз.

- **Егер Қазақстанға уақытша тұруға келсеңіз,** оның ішінде жұмыс миграциясы бойынша, туберкулезге флюорографиялық тексеруден өтіңіз.

- **Егер сіздің ұзақ уақыт тұрақты тұратын жеріңіз болмаса,** туберкулезбен ауыру мүмкіндігіңіз жоғары, сондықтан жыл сайын туберкулезге флюорографиялық тексеруден өтіңіз.

- **Егер сіздің жөтеліңіз екі аптадан асса** және жоғарыда аталған белгілерді байқайтын болсаңыз жедел түрде кез келген аймақтық медициналық мекеге жүгініңіз.

**Өзіңізді және сізді қоршаған адамдарды қорғаңыз және өміріңіздің бағалы екені есіңізде болсын!**

**Салауатты өмір салтын ұстан!**

**Қазақстанда Туберкулез емделеді!**

WWW.HLS.KZ

Тегін таратылады